

Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1103 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12531 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 139-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Е.Ы.Байтұқбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына оның көшірмелерін ресми жариялауға баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысы З.С. Сағыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы А. Рау

« К Е Л І С І Л Д І » :

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
Т. Дүйсенова

2015 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы
26 қарашадағы
№ 1103 бұйрығымен
бекітілген

Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Бөлім	Саты	Лауазымдарының атауы
А блогы - Басқарушы персонал		
А1	1	Республикалық маңызы бар ММ* басшы
	1-1	Республикалық маңызы бар ММ* басшының орынбасары
А2	1	Республикалық маңызы бар ММ* Бас бухгалтері
	2	Республикалық маңызы бар ММ* қызметінің (басқарманың) басшысы
А3	1	Республикалық маңызы бар ММ* бөлімшесінің (бөлімінің) басшысы
	3	Республикалық маңызы бар ММ* жетекші инженері
	3-1	Республикалық маңызы бар ММ* аға инженері
В блогы - Негізгі персонал		
В2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғарғы санаттағы инженер
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы инженер
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санаттағы инженер
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ инженер, жүйе әкімшісі
С блогы – Әкімшілік персонал		
С1		Мұрағат меңгерушісі, бас редактор, бас жүйе әкімшісі
С2		Біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: кадрлар жөніндегі инспектор, заңгер, экономист, редактор, бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, аудармашы, әдіскер
С3		Біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: кадрлар жөніндегі инспектор, заң кеңесшісі, экономист, редактор, бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, қойма меңгерушісі
D блогы - Қосалқы персонал		
D		Техникалық орындаушылар: хатшы, іс жүргізуші, мұрағатшы

* - ММ – мемлекеттік мекеме;

Геология және жер қойнауын
пайдалану саласындағы азаматтық
қызметшілер лауазымдарының
тізіліміне қосымша

**Басқару жауапкершілігінің дәрежесіне байланысты республикалық,
облыстық, аудандық маңызы бар ұйымдарда геология және жер
қойнауын пайдалану саласының мемлекеттік мекемелерінің таралуы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің «Қазгеоақпарат» республикалық геологиялық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі республикалық маңызы бар мекемелерге жатады.